

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
Занды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткізілді  
№ 572801-190-115 куәлік  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
№ 13-08 2007 г.  
Свидетельство № 572801-190-115

Акционерлердің жалпы жиналысының  
2007 мамыр «10» мамырдағы шешімімен  
жаңа редакцияда бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
Құрылтай құжаттарына өзгертулер мен  
толықтырулар енгізілген  
№ 5813 БҰЙРЫҒЫ  
2007 ж. 31-05  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
«Внесены изменения и дополнения  
в учредительные документы»  
ПРИКАЗ № 5813 2007 г.

7  
Қазақстан Республикасы  
Әділет Министірлігі  
Алматы қаласы  
Әділет Департаменті  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
2008 ж. «04» 04 жүргізілді.  
БСН030840001943

«Финансовая компания «REAL-INVEST.kz»  
акционерлік қоғамының

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
Құрылтай құжаттары енгізілген өзгертулер  
және толықтыруларымен заңды  
№ 5815 БҰЙРЫҒЫ  
2008 ж. 04-04  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
«Учредительные документы действительны  
с внесенными изменениями и дополнениями»  
ПРИКАЗ № 5815 2008 г.

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
2007 жыл

## 1-бап. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

### 1.1. Акционерлік қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz»;
- ағылшын тілінде: «Financial company «REAL-INVEST.kz» Joint-Stock Company.

### 1.2. Қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ;
- орыс тілінде: АО «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz»;
- ағылшын тілінде: «Financial company «REAL-INVEST.kz» JSC;

1.3. Акционерлік қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050100, Алматы қ., Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі 34/29.

## 2-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттардың (келісімдердің), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және осы Жарғының негізінде құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

2.2. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оңашаланған мүлікке ие болатын заңды тұлға болып табылады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауап береді.

2.3. Қоғамның акционері (бұдан әрі – «Акционер») Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

2.4. Қоғам өз акцияларын аукциондар, жазылу арқылы олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуге алынғаннан кейін орналастыруға құқылы.

2.5. Қоғам акционерлерінің саны шектелмеген.

2.6. Қоғамның өз мөрі, фирмалық атауы, сондай-ақ заңды тұлғаның басқа да атрибуттары бар.

2.7. Қоғам мемлекеттік тіркеуге алынған сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

2.8. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

## 3-бап. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық құқықтар мен міндеттерді көтереді.

3.2. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасай алады, мүлдік және мүлдік емес құқықтар мен олар бойынша міндеттерге ие бола алады, сотта талапкер мен жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

3.3. Қоғам Қазақстан Республикасының және шет елдердің аумағында барлық меншік нысанындағы басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге кіруге, Қазақстан Республикасының және шет елдердің аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын негізде басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің Құрылтайшысы, қатысушысы болуға құқылы.

3.4. Қоғам Қазақстан Республикасында және шет елде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкінің есебінен негізгі және айналыс қаражатын бере алады, қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың қызмет ету тәртібін айқындай алады. Филиал мен өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғамның балансында есепке алынады.

3.5. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылықты Қоғам тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиалдың басшысы және өкілдіктің басшысы Қоғамнан алынған сенімхаттың және филиал туралы ереженің негізінде іс-қимыл жасайды.

3.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес ұлттық, сол сияқты шетел валютасында да несиелерді пайдалануға құқылы.

3.7. Сондай-ақ Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

#### **4-бап. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, НЫСАНАСЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ**

- 4.1. Қоғам қызметінің мақсатын таза табыс алу болып табылады.
- 4.2. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыра алады, соның ішінде (бірақ шектелмей):
  - 4.2.1. Бағалы қағаздар нарығында кәсіпқой қызмет, сондай-ақ лицензияларға сәйкес қаржы нарығында заңнамамен рұқсат етілген өзге де қызмет түрлері;
  - 4.2.2. Консультациялық, ақпараттық және талдау қызметтерін көрсету;
  - 4.2.3. Халықаралық қаржы нарықтарындағы қызмет;
  - 4.2.4. Барлық қызмет түрлері қолданыстағы заңнаманың шеңберінде жүзеге асырылады және егер қажет болса, тиісті мемлекеттік органдардан қажетті рұқсаттарды, лицензияларды және сертификаттарды алғаннан кейін жүзеге асырылады;
  - 4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.
  - 4.2.6. Тізбесі заң актілерімен айқындалатын жекелеген қызмет түрлерімен Қоғам белгіленген тәртіппен берілген лицензиялардың негізінде айналыса алады.

#### **5-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ АКЦИЯЛАРЫ**

- 5.1. Қоғамның Жарғылық капиталы тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшамен ғана қалыптасады.
- 5.2. Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- 5.3. Қоғам жай акцияларды не жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акциялары жалпы санының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауы тиіс.
- 5.4. Жай акция дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналсына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу құқығын береді.
- 5.5. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Қоғам шығаратын акциялар атаулы болып табылады.
- 5.6. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және Қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті орган белгілеген мерзімде әрі тәртіппен жүзеге асырылады.
- 5.7. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес тіркеуші жүзеге асырады.
- 5.8. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.9. Қоғам басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді.
- 5.10. Акцияларды кепілге қою Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

#### **6-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 6.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының, соның ішінде басқа да мемлекеттердің заңды және жеке тұлғалары Қоғам акционерлері бола алады.
- 6.2. Қоғам акционерінің:
  - 6.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 6.2.2. Дивидендтер алуға;
  - 6.2.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
  - 6.2.4. тіркеушіден немесе нақтылы қатысушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
  - 6.2.5. қоғам акционерлерінің жалпы жиналсына Қоғамның директорлар кеңесіне және басқармасына сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;
  - 6.2.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дауласуға;
  - 6.2.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
  - 6.2.8. Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;
  - 6.2.9. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

6.3. Ірі акционер – Акционер немесе Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан астам пайызы (жиынтығында) тиесілі, солардың арасында жасалған келісімнің негізінде іс-қимыл жасайтын бірнеше акционер:

6.3.1. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

6.3.2. Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционердердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

6.3.3. Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

6.3.4. Өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

6.4. Акционерлердің қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

6.5. Қоғам акционері:

6.5.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

6.5.2. Осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы қатысушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

6.5.3. Қоғамның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатаны өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді жария етпеуге;

6.5.4. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **7-бап. ҚОҒАМНЫҢ ТАБЫСЫ**

7.1. Қоғам қолданыстағы заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алған табыстары Қоғамның меншігінде қалып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамды дамыту, Қоғамның қорларын құру, акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады.

7.2. Жыл қорытындысы бойынша акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін және көлемін айқындауды акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

7.3. Дивидендтер ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленуі мүмкін. Бағалы қағаздармен дивидендтерді төлеу акционерлердің жазбаша келісімі болғанда жүзеге асырылады.

7.4. Тоқсан немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер тек Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана төленеді. Жалпы жиналыстың тоқсан немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімінде Қоғамның бір жай акциясына дивидендтің мөлшері көрсетіледі.

7.5. Қоғамның жай акциялары бойынша:

7.5.1. меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

7.5.2. егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

7.5.3. егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

7.6. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеумен байланысты осы Жарғының 7-бабында реттелмеген барлық қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

## **8. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ**

8.1. Қоғам органдары:

- жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма болып табылады.

8.2. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша бақылау органын – ішкі аудит қызметін, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де органдарды құруға міндетті.

## **9. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

9.1. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Қоғам акционерлерінің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады әрі ол қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес

ай ішінде өткізілуі тиіс. Қоғамның есепті кезеңдегі қызметіне аудитті аяқтау мүмкін болмай қалған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

9.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі;
- 2) өткен қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді;
- 3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағымдары және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлерін Қоғамның директорлар кеңесі мен атқарушы органының мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері және құрамы туралы хабардар етеді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

9.3. Акционерлердің жалпы жиналысын:

- 1) атқарушы орган;
- 2) жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы әзірлеп, өткізеді.

9.4. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

9.4.1. Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

9.4.2. Қоғамды корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

9.4.3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

9.4.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;

9.4.5. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелері мен Төрағасын сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9.4.6. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

9.4.7. Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

9.4.8. Қоғамға аудит жасайтын аудиторлық ұйымды анықтау;

9.4.9. Жылдық қаржы есептілігін бекіту;

9.4.10. Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;

9.4.11. Осы Жарғының 7.5-тармағында көрсетілген жағдайлар туған жағдайда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау.

9.4.12. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын айқындау;

9.4.13. Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекіткен болса, әдістемені бекіту);

9.4.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

9.4.15. Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін айқындау;

9.4.16. «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

9.4.17. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

9.4.18. қоғамның ірі мәмілелер жасасуы және жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешімдерін бекіту;

9.4.19. шешім қабылдау осы заң актілерімен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.5. Осы Жарғының 9.4.1- 9.4.5 тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Ал қалған барлық мәселелер бойынша дауыс беруге қатысқан қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.

9.6. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.7. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу үстіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыра, әзірлей және өткізе алады.

9.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі деректер негізінде қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

9.9. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру баспасөз басылымында жариялануға немесе олардың назарына жеткізілуге тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарландыру акционердің назарына жазбаша хабар жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

9.10. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

9.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоғамның жылдық қаржы есептілігі, жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп, Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары, акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар танысу үшін акционерлерге жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей берілуге тиіс, ал акционердің сұратуы болғанда – оған сұрату алынған күннен бастап ұш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу шығыстарын Қоғам көтереді.

9.12. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін акционерлер немесе қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленетін олардың өкілдері акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

9.13. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер (бірыңғай нысандағы) жіберілген жағдайда көрсетілген бюллетеньдерде ұсынылған және Қоғам жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу сәтіне алған дауыстар кворумды анықтаған кезде және дауыс беру қорытындыларын жасаған кезде ескеріледі.

9.14. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, сондай-ақ кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

9.15. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның өзге де құжаттарына сәйкес не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен айқындалады.

9.16. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

9.17. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

9.18. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды, акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Осы тармақта аталған адамдарды сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде дауыс беру бір акция – бір дауыс қағидаты бойынша жүзеге асырылады, ал шешім жай көпшілік дауыспен қабылданады.

9.19. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған

акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бюллетеньдер осы Жарғының 9.8-тармағына сәйкес акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Егер Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінде тіркелген адам акциялардың нақтылы ұстаушысы болып табылса, осы нақтылы ұстаушы клиентінің дауыс беру үшін бюллетеньдерді жіберуі бағалы қағаздар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер алушыға акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күніне дейін немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күніне дейін қырық бес күн бұрын жіберілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

9.20. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер қолданылуы тиіс;

2) дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;
- акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің “жақтайды”, “қарсы”, “қалыс қалды” деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

9.21. Дауыстарды есептеу кезінде акционер дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам – акционер осы адамның жеке басын күйландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс. Заңды тұлға — акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен күйландырылуға тиіс. Жеке адам – акционердің не заңды тұлға - акционер басшының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

9.22. Дауыс беруге жалпы жиналыстың қатысушылары тіркелген сәтке не шешімдер жалпы жиналысты өткізбестен қабылданғанда дауыстарды есептеу күніне Қоғам алған бюллетеньдер қатысады. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімде акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қажетті кворумды сақтағанда жарамды болып табылады.

9.23. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, “бір акция – бір дауыс” қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру ашық әрі жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру арқылы жүргізіледі.

## 10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның жарғылық капиталына акционерлердің үлестік қатысуына тең болатын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында сайланатын Директорлар кеңесінің Төрағасын қоса алғанда, кем дегенде үш мүшеден тұрады.

10.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

10.2.1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

10.2.2. Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

10.2.3. Қоғамның акцияларын орналастыру және олардың жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылу бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.4. қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;

10.2.5. қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

10.2.6. қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

10.2.7. Қоғам Президентінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын, сыйлықақы төлеу мөлшерін айқындау;

10.2.8. Аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушының Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша қызметіне төленетін ақының мөлшерін айқындау;

10.2.9. қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына аукциондарды және жазылуды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10.2.10. қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

10.2.11. Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан астам пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

10.2.12. қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

10.2.13. Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

10.2.14. ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

10.2.15. Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

10.2.16. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

10.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді атқарушы органның шешуіне беруге болмайды.

10.4. Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қоғамның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда жалпы жиналыс қайта сайлайды. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционер – жеке адамдар;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;
- 3) басқа адамдар арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде заңды тұлға бола алмайды.

10.5. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

10.6. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

10.7. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының жартысынан кемі болмауы тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда көзделген кворумға қол жеткізуге жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі жаңа мүшелерді сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғамның тек осындай кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.8. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Жарғының 10.2-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері жиналысқа қатысып отырған Директорлар кеңесінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір мүшесінің Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне дауыстарын беруге тыйым салынады.

10.9. Директорлар кеңесі қарауға шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады және мұндай шешімдердің қабылдану тәртібін белгілей алады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және осы шешімді қабылдауға жеткілікті болатын санда директорлар кеңесі мүшелерінің қолдары болғанда жарамды деп танылады.

## **11. АТҚАРУШЫ ОРГАН – ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ**

11.1. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады.

11.2. Басқарманың құрылуы, сондай-ақ өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.



11.3. Басқарманы акционерлердің жалпы жиналысы кемінде 3 адам етіп сайлайды.

11.4. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады. Басқарманың мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Қоғам Басқармасының Төрағасы атқарушы орган басшысының қызметінде болуға немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органы функцияларын жеке дара жүзеге асыратын адамның қызметінде болуға құқылы емес.

11.5. Басқарма осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заң актілерімен Қоғамның басқа органдарының және Қоғамның лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

11.6. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11.7. Қоғам егер мәмілені жасау сәтені тараптар мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Қоғам белгілеген шектеулерді оның Басқармасы бұза отырып жасаған мәмілелерінің жарамдылығын дауласуға құқылы.

11.8. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған адам мен қоғам арасында жасалатын жеке еңбек шартымен белгіленеді. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған Жалпы жиналыс уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шартына оның Төрағасы қол қояды.

11.9. Басқарма төрағасы:

11.9.1. акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

11.9.2. үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

11.9.3. үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

11.9.4. қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

11.9.5. өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

11.9.6. Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

11.9.7. акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 12. ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ

12.1. Қоғам қызметіне қатысты құжаттары Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде Қоғамның қызмет істеп тұрған мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

Мынадай құжаттар сақталуы тиіс:

- 1) Қоғам жарғысы, оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
- 2) Қоғам құрылтайшылары жиналыстарының хаттамалары;
- 3) Құрылтай шарты, құрылтай шартына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
- 4) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 5) Қоғамның статистикалық карточкасы;
- 6) Қоғам акционерлері жалпы жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдары;
- 7) Жалпы жиналысты өткізуге ұсынылатын акционерлер тізімі;
- 8) Қоғамның директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай жиналыстар шешімдері), Қоғамның директорлар кеңесі күн тәртібі бойынша материалдар;
- 9) Президент шешімдері (бұйрықтары);
- 10) тиісті органдарға ұсынылатын Қоғамның қаржылық есеп беруі;
- 11) Қоғамның оның балансында бар (болған) мүліктеріне құқығын растайтын құжаттар;
- 12) Аудиторлық есептер;
- 13) Қоғамның инвестициялық портфельі бойынша басқарушы компаниялардың есептері;
- 14) Серіктестік қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша құжаттар (құрылтай құжаттары, есептері, бизнес жоспарлары, ТЭН, басқарушы компанияның сараптамалық қорытындысы және т.с.с.), сонымен қатар оның балансында бар (болған) өзге заңды тұлғалардың мүліктеріне Қоғам құқығын растайтын құжаттар;
- 15) Болған жағдайда корпоративті басқару кодексі;
- 16) Бағалаушылардың Қоғам мүлкін бағалау туралы есептері;
- 17) Қоғамның ішкі құжаттары;

- 18) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
  - 19) Қоғамның бағалы қағаздарды шығаруының мемлекеттік тіркелуін, бағалы қағаздар күшінің жойылуын, сонымен қатар өкілетті органға ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу нәтижелері туралы есептерінің бекітілуін растайтын құжаттар;
  - 20) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
  - 21) Қызметтердің лицензияланатын түрлерін атқаруға алған лицензиялары;
  - 22) Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген өзге құжаттар.
- 12.2. Қоғам акционерінің талап етуімен Қоғам оған Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген құжаттардың көшірмелерін осы Жарғымен белгіленген тәртіппен беруге міндетті; бұл жағдайда құпия сипаттағы және Қоғамның коммерциялық құпияларынан тұратын ақпараттарды беруге шектеу қоюға жол беріледі.
- Қызметтік, коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын ақпараттардан тұратын қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға салу және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттар акционерге оның талап етуі бойынша тек танысу үшін беріледі.

### **13. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ**

13.1. Қоғам мен оның қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасы заңдарымен, директорлар кеңесі қабылдайтын нормативтік құжаттармен, Президент шығаратын бұйрықтармен, осы Жарғымен және Қоғам қызметкерімен жасалатын жеке еңбек шартымен реттеледі.

### **14. ҚОҒАМНЫҢ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУЫ**

- 14.1. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.
- 14.2. Қоғамды бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырғанда қайта ұйымдастырылып жатқан Қоғам несиенгерлері борышкер осы Қоғам болып табылатын міндеттемелерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және шығындардың орнының толтырылуын талап ете алады.
- 14.3. Қайта ұйымдастыру кезінде Қоғам өз қызметін тоқтатқан жағдайда оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акцияларының күші Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіппен жойылады.
- 14.4. Қоғамның ерікті таратылуы жөнінде шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды, ол Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарына сәйкес олардың бақылауымен несиенгерлермен келісу арқылы тарату процедурасын айқындайды. Ірі акционер Қоғамның тарату комиссиясында өз өкілінің болуына құқығы бар.
- 14.5. Қоғамның мәжбүрлі қайта ұйымдастырылуы мен таратылуы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес атқарылады.

### **15. ЕСЕП ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕП БЕРУІ**

- 15.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есеп беруін жасау тәртібі Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңдарымен және бухгалтерлік есеп стандарттарымен реттеледі.
- 15.2. Қоғам Президенті жыл сайын Жалпы жиналысқа біткен жылға арналған жылдық қаржылық есеп беруді талқылау және бекіту үшін ұсынады.
- 15.3. Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруі алдын ала Қоғамның директорлар кеңесінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілгенге дейін кемінде отыз күн бұрын бекітілуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін соңғы бекітілуі акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүзеге асырылады.
- 15.4. Қоғам жыл сайын басылым беттерінде Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мерзімде міндетті түрде жариялауы тиіс.

### **16. ӨЗДЕРІНІҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТАР БЕРУ ТӘРТІБІ**

- 16.1. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы ақпараттар қызметтік, коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпия болып саналмайды.
- 16.2. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

16.3. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға мәліметтің аффилиирленгені туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзі туралы және аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді беруі тиіс.

16.4. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер келесі ақпараттарды қамтуы тиіс:

- 1) заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
- 2) заңды тұлғаның орналасқан орны (заңды мекен-жайы);
- 3) заңды тұлғаның смалық төлеушінің тіркеу (идентификациялық) нөмірі;
- 4) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігінің тіркеу нөмірі мен күні;
- 5) Қоғамның аффилиирленген тұлғасы белгісінің туындаған күні мен негіздемесі;
- 6) заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғаларының тізімі.

16.5. Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын жеке тұлға туралы мәліметтер мынадай ақпараттардан тұруы тиіс:

- 1) жеке тұлғаның аты-жөні;
- 2) жеке тұлғаның мекен-жайы;
- 3) жеке тұлғаның туылған жері мен күні;
- 4) салық төлеуші жеке тұлғаның тіркеу (идентификациялық) нөмірі;
- 5) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат мәліметтері;
- 6) жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайы, жұмыс (оқу) орны туралы мәліметтер;
- 7) жеке тұлғаның аффилиирленген тұлғаларының тізімі.

16.6. Алдында берілген ақпараттардың өзгеруі (толықтырылуы) жағдайында Қоғамның аффилиирленген тұлғалары Қоғамды осындай өзгертулер (толықтырулар) туралы ол туындаған күннен бастап жеті күн ішінде хабардар етуі тиіс.

16.7. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары

зі және өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ашу туралы міндеттемелерін орындамағаны, толықтай немесе өз уақытында орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген тәртіппен жауап береді.

## 17. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТ БЕРУІ

17.1. Қоғам өз акционерлері мен несиегерлеріне Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген акционерлер мен несиегерлердің мүдделеріне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпараттарды жеткізуге міндетті.

17.2. Қоғам акционерлерінің мүдделеріне қатысты ақпарат болып мыналар танылады:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер, қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпараттар;
- 2) Қоғамның акциялар мен өзге құнды қағаздарды шығаруы және қоғамның құнды қағаздарын орналастыру нәтижелері туралы есебін, қоғамның құнды қағаздарын өтеу туралы есептерін өкілетті органның бекітуі, өкілетті органның қоғам құнды қағаздарының күшін жоюы;
- 3) Қоғамның ірі келісім-шарттар және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар келісім-шарттардың жасасуы;
- 4) Қоғамның меншікті капиталы көлемінің жиырма бес және одан да көп бөлігін құрайтын көлемде қарыз алуы;
- 5) қандай да бір қызметті атқаруға Қоғамның лицензия алуы, қандай да бір қызметті атқаруға Қоғамның алдында алған лицензияларының тоқтатыла тұруы және күшінің жойылуы;
- 6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 7) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;
- 8) баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінің он және одан да көп бөлігін құрайтын Қоғам мүлкінің жойылуына әкеп соқтырған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы.
- 9) Қоғам немесе оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- 10) Қоғамды мәжбүрлі тарату туралы шешім;
- 11) Қоғам жарғысына сәйкес оның акционерлерінің мүдделеріне қатысты өзге ақпараттар.

17.2. Қоғам қызметі туралы ақпараттарды жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары Ғаламтордағы Қоғамның WEB-сайты - [www.realinvest.kz](http://www.realinvest.kz), егер өзгесі Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен белгіленбесе.

17.3. Осы Жарғының 17.2-тармағында көрсетілген ақпарат, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес Қоғам жариялауы тиіс өзге ақпараттар осы Жарғымен және акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көреді. Қоғам сонымен қатар Қоғам акционерлерінің қаперіне осы ақпаратты Қоғам акционерлеріне осы ақпараттардан тұратын жазбаша хабарландыру жіберу арқылы жеткізуге құқылы.

17.4. Қоғам қызметтік және коммерциялық құпиялардан тұратын ақпараттарға ие Қоғам қызметкерлерінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

## 18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 18.1. Осы Жарғының бір ережесінің жарамсыздығы Жарғының қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеліп соқтырмайды.
- 18.2. Жарғының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келмейтін ережелері қолданылмайды.
- 18.3. Жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді.
- 18.4. Осы Жарғыда көрсетілмеген Қоғам қызметіне қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
- 18.5. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде 4 түпнұсқалы дана етіп жасалды әрі оларға қол қойылды.

**«Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ  
акционерлерінің жалпы жиналысының  
2007 мамыр 10 наурыздағы шешімінің негізінде іс-әрекет етуші  
«Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ  
Басқармасының Төрағасы**

Утвержден в новой редакции  
Решением общего собрания акционеров  
от «10» мая 2007 года

## **УСТАВ**

**Акционерного общества  
«Финансовая компания «REAL-INVEST.kz»**

**г. Алматы, Республика Казахстан  
2007 год**

## Статья 1. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА

1.1. Полное наименование Акционерного общества:

- на государственном языке: «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» Акционерлік қоғамы;
- на русском языке: Акционерное общество «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz»;
- на английском языке: «Financial company «REAL-INVEST.kz» Joint-Stock Company.

1.2. Сокращенное наименование:

- на государственном языке: «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ;
- на русском языке: АО «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz»;
- на английском языке: «Financial company «REAL-INVEST.kz» JSC;

1.3. Место нахождения исполнительного органа Акционерного Общества: Республика Казахстан, 050100, г. Алматы, Медеуский район, ул. Айтеке би 34/29.

## Статья 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

2.1. Акционерное общество «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» (далее – «Общество») создано и осуществляет свою деятельность на основании Конституции Республики Казахстан, Гражданского Кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», международных договоров (соглашений), заключенных Республикой Казахстан, иных нормативных правовых актов Республики Казахстан и настоящего Устава.

2.2. Общество является юридическим лицом, обладающим имуществом, обособленным от имущества своих акционеров и не отвечает по их обязательствам. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

2.3. Акционер Общества (далее – «Акционер») не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

2.4. Общество вправе размещать свои акции после государственной регистрации их выпуска посредством аукционов, подписки.

2.5. Число акционеров Общества не ограничено.

